

БҰРЫМДЫ АРУЛАР

Халқымызда «қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Қыз баланы гүлге теңеп, оны «елдің көркі» деп, нәзік жанның айрықша әдептілігіне көңіл бөлген, олардың жүрегін жылылыққа бөлеп, жандарын жаманшылықтан шет ұстап өсірген.

Бүгінгі таңда, Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында «Иықтан шашы төгілген жерге, күмістен шашбау жарасқан белге» дегендей бұрымды қыздарымыз баршылық.

Облыстық «Қостанай таңы» газетінің «Қостанай ақшамы» қосымшасындағы «Ақмаңдайлым» бетінде «Бұрымды арулар» атты байқау өткізілген болатын. Аталған байқауға осы оқу ордадан мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны Әсел Ақылбекова, оқу процесін жоспарлау бөлімшесінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Индира Хакимова және күндізгі оқыту факультетінің 4 - курс курсанты, полиция сержанты Айгерім Омарбек катысты. Бұл арулар бұрымдарының сұлулықтарымен сынға түсіп, бақтарын сынады. Байқау барысында аруларымыз суретке түсіп, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Байқау соңында, біздің аруларымыз облыстық «Қостанай таңы» газетінің «Қостанай ақшамы» қосымшасында жарияланған «Бұрымды арулар» байқауына қатысып, белсенділік танытқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов «Бұрымды арулар» байқауына қатысқан аруларымызды құттықтап, жылы лебізін білдірді.

